ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 қаңтар Іс №7119-23-00-2/15814 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Қ.Б.Сәрсекеев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Elorda Eco System" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
"Mobill Nursultan" жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану мен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

"Mobill Nursultan" жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Mobill Nursultan" жеке кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің "Elorda Eco System" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны пайдасына тұрақсыздық айыбы 11 655 (он бір мың алты жүз елу бес) теңге және мемлекеттік баж соммасы 350 (үш жүз елу) теңге өндірілсін.

"Mobill Nursultan" жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар

Құжатқа қол қойылған: Сарсекеев К. Б., 15.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.02.2024, судья Сарсекеев К. Б., 10.03.2024

және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Қ.Б.Сәрсекеев

Құжатқа қол қойылған: Сарсекеев К. Б., 15.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.02.2024, судья Сарсекеев К. Б., 10.03.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

7119-23-3-1/15848